ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 25 сәуір №7119-25-00-2/3309 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Э.Е.Хасанова,

оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

"Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты" республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:

«Дизайн-Шымкент» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әрі қарай-ЖШС)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою- қанағаттандырылсын.

«Дизайн-Шымкент» ЖШС мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Дизайн-Шымкент» ЖШС мемлекет пайдасына 9 771 (тоғыз мың жеті жүз жетпіс бір) теңге тұрақсыздық айыбын және 2 259 (екі мың екі жүз елу тоғыз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы

Документ подписан: Хасанова Э. Е., 25.04.2025
Дата вступления в законную силу: 04.06.2025, судья Хасанова Э. Е., 04.06.2025
7119-25-3-1/2932

Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья Хасанова Э.Е.

Документ подписан: Хасанова Э. Е., 25.04.2025

Дата вступления в законную силу: 04.06.2025, судья Хасанова Э. Е., 04.06.2025

7119-25-3-1/2932